

Жітіқара ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2024 жылғы 29 қарашадағы № 230 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 қарашада № 10328-10 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2025 жылғы 29 желтоқсандағы № 368 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 29.12.2025 № 368 шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Жітіқара аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, Жітіқара ауданы бойынша салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшері 4% - дан 3% - ға дейін төмендетілісін.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Жітіқара аудандық мәслихатының төрағасы

Н. Уразалинов